

2011 жылға арналған Ұзынкөл ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 7 ақпандағы № 45 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 ақпанда № 9-19-148 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына, 20 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоғамдық жұмыстар жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастырылсын.

2. Мыналар:

1) 2011 жылға арналған Ұзынкөл ауданындағы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақытша жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайларының қоса ұсынылған Тізбесі;

2) аудан бюджеті қаражаттары есебінен қоғамдық жұмысқа қатысушылардың ең төменгі жалақының бір жарымдық көлемінде еңбек ақысы мөлшерінде азаматтардың еңбек төлемі бекітілсін.

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011.05.17 № 138 (алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.

3. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына:

1) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған қызметтерді көрсету жөніндегі шарт жасасын;

2) жұмыссыздарды төленетін қоғамдық жұмыстарына жіберуді жүзеге асырсын;

3) жергілікті бюджет қаражаттарынан қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбек ақысына, соның ішінде 2011 жылға белгіленген міндетті зейнетақы жарналары, табыс салығы шығындарын төлеу үшін, жұмыс берушілердің есеп шоттарына қаржылық қаражаттары аударылсын;

4) жұмыс берушілердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерінде әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік

аударуларды төлеуге арналған шығындарын, талап етуге дейінгі немесе банкінің ақшалай төлем карточка есеп шоттарына еңбекақыны аудару мен төлеу және шотқа басқа ақшалай төлемдер бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметі үшін комиссияндық сыйақыны төлеуге арналған шығындарын жергілікті бюджеттен шарт бойынша белгіленген мөлшерде өтесін.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011.05.17 № 138 (алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Э.Қ. Күзенбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл ауданының әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл орталық аудандық

аурухана" мемлекеттік

коммуналдық қазыналық

кәсіпорны, бас дәрігер

_____ Қ.Ержанов

2011 жылғы 7 ақпанда

Әкімдіктің

2011 жылғы 7 ақпандағы

№ 45 қаулысына қосымша

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақытша жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың және қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемінің және нақты қоғамдық жұмыстардың еңбекақы мөлшерінің тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011.04.14 № 90; 2011.05.17 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулыларымен.

№	Ұйым атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс жағдайлары	Нақты жұмыс шарттары
		Жұмыскерлердің алдын ала кәсіби дайындығын талап етпейтін күнделікті		

1	"Ұзынкөл орталық аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	жұмыстарға көмек: аумақты жинау бойынша және аббаттандыруға көмек; жөндеу жұмыстарын өткізудегі көмек; Бауман, Ершов, Киев, Киров, Куйбышев, Новопокров, Петропавл, Чапай, Федоров, Пресногорьков, Россия, Суворов, Карлмаркс, Ұзынкөл селолық округтерінің, Троебрат, Ұзынкөл, Рязский селоларының аумағындағы тұрған және "Ұзынкөл орталық аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны объектілерін жөндеуге және аббаттандыруға қатысу.	152400 сағаттар	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылға шектеуді есепке алғанда қоғамдық жұмысқа бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтылығы - аптасында 40 сағаттан аспауы, екі демалыс күндерімен, түскі демалыс бір сағаттан кем болмауы керек
---	---	---	-----------------	--